

БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ. 1-ТОМ

АНТИКА ФИЛОСОФИЯСЫ

Физика. 2-бөлім



Мақсаты – Аристотель, эпикурлықтар, стоиктер және скептиктер философиясындағы себеп-салдарлық байланыс, детерминизм, еркіндікпен байланысты антика физикасының негізгі элементтерін қарастыру.

Жоспары:

1. Аристотель себеп-салдарлық байланыс пен өзгеріс туралы.
2. Стоиктердің себептілік туралы ойлары.
3. Себептілік және детерминизм.
4. Детерминизм және еркіндік.

Түйін сөздер

Төрт себеп, себеп-салдарлық байланыс, өзгеріс, детерминизм, еркіндік.

Аристотель «Метафизикасындағы» және «Физикадағы» философиялық сөздігінде төрт түрлі себептің немесе түсіндірмелердің типтерін ажыратады. Біріншіден, оның сөзіне сүйенсек, қоладан мүсін жасау және әріптерден сөз жазу сияқты, заттарды жасауға болатын нәрселер бар. Бұл материалдық себеп деп аталады. Екіншіден, заттардың формалары мен суреті бар. Олар өзінің анықтамасынан көрінеді: лирадағы екі ішектің ұзындығының үлесі – бір нотаның бір октавада, ал екіншісінің екінші октавада болуының себепшісі. Бұл формалды себеп. Себептің үшінші түрі – бір нәрседегі өзгерістің шығу тегі мен тыныштық күйінің көзі. Аристотельдің ізбасарлары мұны көбіне «әрекеттік себеп» деп атады. Аристотель мысал ретінде мүсінді жасайтын мүсіншінің, науқасты емдейтін емшінің, жалпы затты жасайтын немесе өзгертетін адамның шешімін келтіреді. Себептің төртінші және соңғы түрі – бірдеңенің не үшін жасалғанын айту. Мысалы, бізден біреу неге серуендеп жүрсің деп сұраса, «денсаулықты жақсарту үшін» деген жауаппен түсіндіруге болады. Бұл соңғы себеп «ақырғы себеп» деген атаумен белгілі болып кетті.

Қазіргі философияда себеп-салдарлық байланыс әдетте екі оқиғаның арасындағы байланыс деп түсіндіріледі. Біреуі – себебі, екіншісі – оның салдары. Аристотель, анығында, себептіліктің құрылымын сәл басқаша құрады. Ол кейде оқиғаны туындататын басқа оқиға туралы айтады. Мысалы, Сардаға жасалған Афина жорығы Персиямен арадағы соғысты туындатты. Бірақ оның атап өткен канондық тізіміндегі себептердің бірі де эпизодтық оқиға емес. Олардың көпшілігі – мәнді ақиқаттар. Мысалы, адам болмысы, құйылған қола; кейбірі – лираның ішектерінің арасындағы пропорция немесе мүсіншінің шеберлігі (мүсіннің тікелей себебі болатын нәрсе) секілді созылмалы жағдайлар. Оның сипаттауы бойынша эффектілер де күй, әрекет және нәтижелер сияқты көптеген категорияларда болуы мүмкін. Үшінші себеп эффектілі себептің эффектілеріне бекітілген ретінде сипатталатын заттар жатады. Мысалы, қола, артефактілер (мүсін) және оқиғалар (науқастың айығуы). Бірақ ол Аристотельдің тұжырымын эффектілі себеп жағдайында келтірілген нәрсенің бәрі – мейлі, ол бір нәрсенің өзгеруі болса да (мысалы, науқастың айығуы), мейлі, ол бір нәрсенің пайда болуы болса да (мысалы, нәрестенің дүниеге келуі, мүсіннің жасалуы) – оқиға саналады деуге мәжбүрлемейді.

Себеп туралы аристотельдік және заманауи ұғымдардың айырмашылығы елеулі болғаны сонша, кей ғалымдар «aitia» дегеннің дәстүрлі аудармасын «себеп» деп беруге қарсы. Олар басқа терминдерді қолданғанды жөн санайды. Мысалы, төрт себептен гөрі «түсіндіру» немесе төртеуі туралы «өйткені» деп айту қажет дейді. Аристотельдің өзі оларды «неге?» деген сұраққа берілетін жауаптардың төрт типі деп атайды.

Өзінің төрт себебін тізбектей келе, Аристотель шартты себептіліктің математикалық мысалдарын келтіреді. Дегенмен оны бәрінен де көбірек қызықтырған себептіліктің түрі – тіршілік иелерінің табиғаты мен формалары. Бұл – өсімдіктер мен жан-жануарлардың өмір циклының және соларға тән әрекеттерінің ішкі түсініктерін жеткізетін нәрсе. Бұл жағдайларда шартты және ақырғы себептер бір-біріне сәйкес келеді. Өйткені табиғи формалардың кемеліне жетіп жүзеге асуы, организм іс-әректінің ақырғы мақсаты. Бірақ сонымен қатар ол жансыз заттардың арасындағы өзара өзгерісіне де қызығушылық танытты. Бұған мысал ретінде ол судың буға айналуын келтіреді. Мұндай жағдайларда ол шартты және материалды себептерді түсіндіретін принциптер ретінде пайдаланады.



Аристотельдің ойынша, «Өзгеріс» көптеген түрлі категорияларда жүзеге асады. Өсудің сан категориясының өзгеруі, түс сапасының өзгергені. Жергілікті қозғалыс, біз көргендей, орын категориясындағы өзгеріс саналады. Бірақ субстанция категориясында заттың бір түрден екінші түрге ауысуы – өзгерістің ерекше түрі. Субстанция сандық немесе сапалық өзгеріске ұшырағанда, тура сол субстанция қай жағынан болса да, өзінің субстанциялық формасымен бірге қалады. Бірақ егер зат екінші затқа айналса, онда не қалады? Аристотель бұл сұраққа материя қалады деп жауап береді.

Өзгерістердің субстанциялық негізінде жатқан материяның табиғаты қандай? Аристотель материяның өмірлік формаларға қатынасын артефактілерді мысалға ала отырып түсіндіреді. Қола мүсінге айналғанда, ағаш төсекке айналғанда немесе бұрын пішінсіз болған нәрсе белгілі пішіні бар затқа айналғанда, субстанцияның табиғатының жасырын мәні көрінеді. Аналогияны түсіну оңай емес, дегенмен, материяның Аристотельдік түсінігі нақ осындай жағдайлардан шығады.

Стоиктердің себептілік туралы түсініктері Аристотельдің түсініктерінен әрі қарапайым, әрі күрделірек. Оның қарапайымдылығы – стоиктер материалды, шартты және ақырғы себептерді дұрыс аталған себептер деп санамады, Сенека Аристотельдің ізбасарларын «себептер тобыры» деп келемеждеді. Әйтсе де, олардың тиімді себептерді зерттеуі себеп-салдарлық байланысты сипаттауда біріншіден, канондық форманы пайдалану жағынан әлдеқайда күрделірек. Екіншіден, олар себептіліктің түрлерін ажыратқанда күрделі жіктеу жасап шықты. Аристотельден ең бастысы айырмашылығы, олардың себептіліктің әмбебап заңын ұсынуы. Енді соларды баяндауға көшелік.

Стоиктердің себептілігінің стандартты талдауы мынадай болған: А В-ның F екеніне әкеледі. А – себеп, дене болғандықтан, ол В-да болуы керек, бірақ В-ның F болғанынан туындайтын нәрсе – дене емес, абстрактілі мән, «lekton». А және В материалдық объектілер болса да, себептіліктегі енжар элемент В-ны ерекшелеу үшін стоиктер «материя» деген терминді пайдаланады. Сонымен, стоялық себептілікте себеп, материя және салдар деген үштаған бар.

Стоиктер біріккен себеп (sunaitia) және көмекші себеп (sunerga) деген ұғымдар енгізген. Егер екі өгіздің әрқайсысы соқаны жеке сүйрей алмаса, онда екі өгіздің соқаны бірігіп сүйрегені соқаның қозғалысының біріккен себептері саналады. Егер сіз бір жүкті қиналып көтере алмай жатқанда, мен сізге көмектесем, онда мен қосымша себеп боламын. Біріккен және көмекші себептерді ажырату өте маңызды болды. Өйткені нақты бір жағдай мен оқиғаның себебі туралы айту барысында шатасулардың болуы мүмкін екенін көрсетті. Себептер шынжырды емес, торапты қалыптастырады.

Стоиктердің түсінігі бойынша, себептерді қажетсінетін – тіршіліктің бастамасы мен өзгерістер ғана емес, ол жерде демеуші себептер де (aitiai synektikai) бар. Олар заттардың тіршілігінің жалғасуына себепкер болады. Мысалы, түрлі денелердің бәрін «pneuma» деп аталатын белсенді және нәзік сұйықтық ұстап тұр. Ол – сөзбе-сөз айтқанда, Ғаламның бірлігіне жауап беретін «тынысы». Тірі денелерді жан ұстап тұрады, ол – денелердің демеуші себебі.

Зенон, шын мәнінде, бұл сипаттама барлық себептерге тән ерекшелік деді. Ал басқа стоиктер, шамасы, себептің антецеденттерінің тағы бір категориясы (prokatartikai) туралы айтқан тәрізді. Бұл бойынша, мысалы, себептері жоқ болса да, олардың әрекеттері қала береді. Құрылысшы өзінің жұмысын аяқтағаннан кейін де ол салған үйдің әлі талай уақыт тұратыны онсыз да анық нәрсе сияқты. Шамасы, Зенон мұнымен – өмірге я тіршілік етуге дем беретін себептер туралы айтқысы келген. Мысалы, естілік адамның есті болуына әсер етеді. Оның естілігі жалғасқан кезде ғана ол есті болып қала бермек. Бұл тұста естеріңізге тағы бір рет түсірейік, стоик материалистер үшін естілік тұлғаның физикалық құрамдас бөлігі болып саналады.

Хрисипп бау-бақшаның топырағын тегістейтін білік пен баланың зырылдауығын бейнелі мысал ретінде қолдануымен әйгілі болды. Егер бала баспаса, зырылдауық айналмайды, басқан сәтте зырылдауық «өзінің күші және табиғатының әсерінен» айнала береді. Шыбықтың шытыр етуі – антецеденттік себеп, ал зырылдауықтың ішкі күші – негізгі себеп. Бұл бейнелеу стоиктердің себептілік теориясын адам жауапкершілігінің мүмкіндігімен үйлестіру мақсатында пайдаланылды.

Стоиктер әр нәрсенің себебі бар деген тезистен тұратын жалпы әмбебап себептілікке жай ғана сеніп қойған жоқ. Олар, сонымен бірге әмбебап себеп-салдарлық детерминизміне де сенді. Ал ол – әр нәрсенің алдын ала анықталып қойған себебі бар дегенді меңзейді.



В. Ф. Асмус «Антика философиясы» еңбегінде стоиктер философиясын талдауға біраз көңіл бөледі. Ол стоиктер үшін фатум (тағдыр, жазмыш) түсінігі маңызды орын алады деп жазды. Әрбір істелген іс-әрекет тек табиғаттың белгілі заңдылықтарына сай жүзеге асады. Егер қандай да бір қасиеттері бар әрекет етуші дене басқа – пассивтімен байланысқа түссе, сонымен қатар, ол да белгілі бір қасиеттерге ие болса, онда қажеттілікпен бірге белгілі бір нәтиже де пайда болады. Осыдан, себепті шарттық әрекеттердің қажетті реттілігі туралы түсінік туындайды. Бұл қажетті реттілікке барлық жеке құбылыстар кіреді, соның ішінде тірі жандардың толықтай еркін болып көрінетін әрекеттері де. Бұл мақсат – әлемдегі болып жатқанның барлығына бірдей, өйткені, әрбір себепті әрекет және әрбір қозғалыс біртұтас алғашқы қозғалтқыш арқылы жүзеге асады. Алайда бұл алғашқы қозғалтқыш – Аристотельдің қозғалмайтын қозғалтқышы емес. Әлем – құдіретті тірі материя – алғашқы материяның қажетті туындысы. Бірегей тасқын ретінде себептілік күші көптеген жеке тасқындар мен ағымдарға бөлінеді, бірақ, олар өз біркелкілігін сақтап қалады және бірегей тасқынға қайтып оралады. Әлемде орын алған барлық процестердің жалғыз себепті байланыстырушы – бірыңғай «пневма» немесе жазмыш (фатум). Барлық осы тұжырымдамалар стоиктерді «көрегендік» және «қажеттілік аясында еркін ерік» ілімдерімен тығыз байланыстырады. Әлемдік процестің себептік түсіндірілуі телеологиялық жағдайға айналады. Әлем Құдіретті оттан туындайды, бірақ, бұл от тек қана материалдық себеп емес және казуалды (себептік) қалыптасу заңы ғана емес. Сонымен қатар, бұл от әлемдегі мақсатты тәртіпті болжамдайтын бәрін білетін ақыл және рухани бастама. Осы материалды жан әлемде болып жатқан барлық нәрселерді анықтайды және сол болып жатқанның ішінде ең үздік және санаға қонымды мақсатты іске асырады. Әлемде қажеттілікке тәуелді жазмыш немесе тағдыр ғана емес, сонымен бірге игілікті «көрегендік» те бар. Өсімдіктердегі барлық сабақтары, бүршіктері, жапырақтары, гүлдері мен жемістері бір тұқымда болғандай әлемде пайда болған әрбір жеке тіршілік әлемдік бірегейлікте оның іске асуына бағытталған беймәлім күшпен себепті шартталған мақсаттар жиынтығының мақсаты секілді, тілеген затты құраған түсінік ретінде ойластырылды. Құдіретті субстанция – барлық тіршілік иелерінің мақсатты ұсыныстарын тудыратын тасымалдаушы. Осылайша, стоиктерде фатум (жазмыш) мен көрегендік біріктіріледі. Дегенмен стоиктер оны адаммен үйлестігінен бастайды. Адам ерігі ойдағы бір түсінікті мақсат етіп қояды, кейіннен физикалық әлемде бұл мақсатты тек механикалық заңдармен ғана іске келтіріп, қозғалыс арқылы жүзеге асырады. Адамда болатын осы жағдайдың бәрін стоиктер әлемдік үрдіске де таңады. Құдіретті алғашқы оттан жүйелі түрде – ауа, су, жер пайда болады.

Төменгі элементтердің біртұтастығы әртүрлі тазалық пен қуат деңгейі бар құдіретті «пневматикалық» енуімен сақталады. Бейорганикалық әлемде ол соқыр қажеттілік пен себеп ретінде әрекет етеді; өсімдік әлемінде – әлі де болса соқыр, бірақ қазірдің өзінде орталықтан шеткіге дейін жөнді әрекет ете алатын табиғаттың қалыптастырушы күші; жануар әлемінде – ақыл-ойдың тұжырымдамасын көрмейтін, жүйелі түрде әрекет жасамайтын және ұсыныстармен ғана әрекет ететін; және адамда ол алғаш рет сананың негізінде танитын және сананы қажетсінетін жан ретінде қисынды әрекет ете бастайды. Құдіретті «пневмаға», өзінің көптеген ұғымдарында біртұтастықты сақтап қалатын жанға деген көзқарас Хрисиппке жазмыш бойынша болып жатқанның барлығы бір мезетте көрегендікке де сәйкес болып жатыр деп ойлауға негіздеме береді. Дегенмен «пневма» әртүрлі салада әртүрлі тәсілдермен іске асатынын ескерсек, бұл көзқарас қате болады. Сондықтан жазмыш пен көрегендік арасына стоиктер аралық – табиғат түсінігін қояды. Оның фатуммен ортақ белгісі бар – саналы зерде жеткіліксіздігі және көрегендікпен – мақсатқа лайықтылығы.

Стоиктердің төтенше ұстанымына назар аударыңыз. Олар бүкіл бар нәрселердің бастауларының себептері бар деп қана қоймайды. Барлық болып жатқан нәрселердің де себептері бар дейді. Одан әрі олар әр себеп қажетті себеп деп санайды. Себебін ескерсек, салдары болмай тұрмайды. Олар себеп-салдарлық байланыстың эмбебаптығымен қоса, детерминизмнің эмбебаптылығын да қолдайды. Кейінірек өте ықпалды болған осы доктрина – стоиктердің ойлап тапқаны. Аристотель стоиктердің себептік тұжырымдарын қабылдамады. Ал эпикурлықтар эмбебап себептілікті қабылдаса да, эмбебап қажеттілікті қабылдаған жоқ. Бұл біріктірілген, бір ізді, құтылмайтын, мәжбүрлейтін себептер топтамасын стоиктер мен олардың сыншылары «Тағдыр» деп атады. Тағдыр доктринасы дереу жан-жақты философиялық сынның нысанына



айналды. Цицерон өзінің «Тағдыр туралы» еңбегінде оған қарсы бағытталған дәлелдерді және стоиктердің сол дәлелдерге берген жауаптарын жандандырып баяндайды. Атақты дәлелдің бірі «Жалқау дәлел» (argos logos) деп аталды. Оның мақсаты егер детерминизм ақиқат болса, онда қандай да бір әрекет жасаудың мәні жоқ екенін көрсету болды.

Дәлелдегі бір мысалда біреу төсекте жатқан науқас-стоикке қарап: «Егер саған осы аурудан айығып кету жазылған болса, онда сен дәрігерді шақырсаң да, шақырмасаң да айығасың. Тура солай, егер саған сауығып кету жазылмаса, онда дәрігерді шақырсаң да, шақырмасаң да сауықпайсың. Осының екеуінің бірі – сенің тағдырың. Сондықтан дәрігерді шақырудың еш мәнісі жоқ» дейді. Мұндай дәлелді өмірдің қарапайым әрекеттерінің бәріне қолдана беруге болатыны анық. Бұларға жауап ретінде, Хрисипп қарапайым және күрделі дәйектер арасындағы айырмашылықты аңғартады. Егер науқастың сауығуы дәрігерді шақыруға байланысты күрделі үдеріс болса, онда дәрігердің шақырылуы да – науқастың айығуының мүмкіндігі сияқты, жазмыш нәрсе.

Егер әлем тарихы өзара байланысқан оқиғалардың біртұтас тізбегі болса, онда Хрисипп қарапайым және күрделі дәлелдердің арасын ажыратуда қаншалықты ұзаққа бара алады. Мүмкін, барлық нәрсе басқа бір нәрселермен тағдырлас шығар? Алайда Хрисипптің жалқау дәлелді терістеуге де құқы бар.

Мынадай ой-пікірлерді қарастырайық:

1. Егер мен дәрігерді шақырсам, онда мен сауығамын.
2. Егер мен дәрігерді шақырмасам, онда мен сауығамын.

Егер менің маңдайыма сауығу жазылған болса, бұл уәждердің екеуінің де салдары дұрыс, ал егер біз бұл ой-пікірлердің әрқайсысын Филонның тәсілімен ақиқатты-функционалды жолмен түсіндірсек, онда бұл жорамалдардың әрқайсысы ақиқат болып шығады. Бұл мағынада мен дәрігерді шақырсам да, шақырмасам да, айығатыным рас болады. Бірақ бұл ой-пікірлер әдетте жетекші мінез-құлықта пайдаланылатын болғандықтан, олар жай ғана ақиқатты-функционалды емес, сәйкес демеуші қарсы ой-пікірлермен де түсіндірілуі керек:

3. Егер мен дәрігерді шақырсам, сауығар едім.
4. Егер мен дәрігерді шақырмағанда, сауығар едім.

Бірақ стоиктердің бұларды қабылдауына себеп жоқ.

Егер детерминизм рас болса, онда адамның өз іс-әрекеттеріне деген жауапкершілігі бекершілік деген дәлел бәрінен де салмақты болады. Бұл жерде мадақтаудың да, ғайбаттаудың да мәні жоқ. Бұл дәлелді эпикурлықтар да, академиялықтар да алға тартты. «Қажеттілік ешкімнің алдында жауапты емес және бізге байланысты нәрсе, ғайбаттау мен оның қарама-қайшылығын өзіне тартатын нәрселер жазмыштың билігінен еркін болуы тиіс» дейді Эпикур. Мұндай еркіндікті өздерінің атомистік жүйесімен үйлестіру үшін эпикурлықтар атомдардың еркін ауытқуы туралы болжам ұсынды.

Ертеректе де, біздің заманымызда да осы секілді кездейсоқ кванттық серпіліс қалайша адам еркіндігінің жеткілікті шарты болатыны түсінікті болған жоқ. Стоиктер және сол сияқты академиялықтар да атомдардың ауытқуы ақылсыз, тіпті қажетсіз деп санады. Кейінгі дәуірдің көп ойшылы егер субъект Х әрекеті үшін жауапты болса, онда осы Х әрекет барысында адам оны орындауы немесе орындамауы мүмкін болуы керек деп тұжырымдады. Мұндай таңдау еркіндігіне кейіннен «немқұрайлылық еркіндігі» деген ерекше атау берілді. Хрисипп немқұрайлылық еркіндігі тағдырмен үйлеседі деп тұжырымдамайды. Ол кейінгі ойшылдар «тосын еркіндік» деп атаған ұғымға көбірек қызығушылық танытады. Егер субъект Х әрекетті өз еркімен, өз қалауымен жасаса, онда ол тосын еркіндіктің рақатын білгені. Хрисипптің адамдары тосын еркіндіктің рақатын біледі. Себебі олар Х әрекетті Х-ке келіскендіктен жасайды. Ал Х-ке өздерінің табиғаты мен мінезінің әсерінен келіседі. Хрисипп қорғаштаған жауапкершілік – сыртқы себептер мен қоздырғыштардан тәуелсіз әрекет етуде байқалатын субъектінің дербестігі.

Хрисипп заманынан бастап, осы күндерге дейін ойшылдар детерминизм мен еркіндікті үйлестіру қаншалықты мүмкін екені туралы пікірталасты жалғастырып келеді. Әулие Аугустин



өзінің «Ерік еркіндігі» туралы еңбегімен ежелгі дүние философиясына айтарлықтай үлес қосты. Бұл еңбегін ол христиандықты қабылдаған жылы жазған еді. Алайда ол өз пікірталасын этикалық және теологиялық сипатта жүргізгендіктен, бұл мәселені Кенни 8-тарауда қарастырады.

Сонымен, біз Энтони Кенни кітабының бесінші тарауында талдаған Аристотель, эпикурлықтар, стоиктер және скептиктер философиясында мазмұндалған себеп-салдарлық байланыс, детерминизм, еркіндікке қатысты антика физикасының негізгі элементтерін қарастырдық. Келесі дәрісте біз антика философиясының метафизикалық мәселелерін талқылауға көшеміз.

Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар

1. Аристотель себептердің қандай төрт түрін бөліп қарастырады?
2. Аристотельдік және қазіргі заманғы түсініктердегі себептіліктің айырмашылығы бар ма?
3. Аристотельдің материя туралы түсінігінің мәнін қалай түсіндіруге болады?
4. Философияға стоиктер енгізген біріккен себеп (*sunaitia*) және қосымша себеп (*sunerga*) ұғымдарының мағынасы қандай?
5. «Жалқау дәлел» дегеніміз не және оның мәні неде?
6. Себеп-салдарлық детерменизмінің мағынасы?
7. «Немқұрайлылық еркіндігінен» «тосын еркіндіктен» айырмашылығы неде?

Әдебиет

1. Anthony Kenny, *Ancient Philosophy: A New History of Western Philosophy, Volume 1.* – Oxford University Press. – 2014. – 368 p.
2. Кенни Э., Батыс философиясының жаңа тарихы, 1 том, Антика философиясы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – 408 б.
3. Әлемдік философиялық мұра: жиырма томдық. 2-том: Антикалық философия / құраст.: Қ.Ә. Әбішев, Т.Ы. Әбжанов. – Алматы: Жазушы, 2005. – 567 б.
4. Әлемдік философиялық мұра: жиырма томдық. 3-том: Аристотель философиясы / құраст.: Қ.Ә. Әбішев. – Алматы: Жазушы, 2005. – 567 б.
5. Диоген Лаэртский, О жизни, учениях и изречениях знаменитых философов. / Пер. и прим. М. Л. Гаспарова. Общ. ред. и вступ. ст. А. Лосева. (Серия «Философское наследие»). – М., Мысль, 1979. – 624 с.
6. Чанышев А. Н., Курс лекций по древней философии. М., 1981.
7. Adler M., *Aristotle for everybody. Difficult Thought Made Easy.* Published June 1st 1997 by Touchstone (first published 1978).